

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт Министрлігінің
(2023 жылғы 24 ақпандағы №60 бұйрығы) 2023-2025 жылдарға арналған мерейтойлар мен атаулы күндердің
тізбесі, Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің жоспарындағы 52 тармаққа енгізілген
«Жошы Ұлысының құрылғанына 800 жылдығын» атап өту бағытымен бекітілген құжаттамалық негіздер
арқылы республикалық жоспарға енген іс-шараларды өткізудің бірінде - М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Тарих және этнология» ғылыми орталығы 2024 ж., 17 мамыр күні өткен
«Жошы Ұлысы кезеңіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық дөңгелек үстелге қатысушының
мақаласы ретінде жарияланды

FTAXP:03.20

<https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>

<https://orcid.org/0009-0003-4634-591X>

¹Карибаев С.Ө.*, ²Байназарова Б.Ә.

¹тарих ғ.к., доцент «Тарих және этнология» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері
М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

²тарих ғ.к., аға оқытушы ОАИУ. Шымкент, Қазақстан

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ: САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІМЕН ТҰРМЫСЫ (ЕВРОПАЛЫҚ САЯХАТШЫЛАР ДЕРЕГІ НЕГІЗІНДЕ)

***Автор-корреспондент: ksarsebay@mail.ru**

Түйін: Қазақтың халық болып қалыптасып, бүгінгі күнге дейінгі төрт мыңжылдық және мемлекеттілігінің үш мыңжылдық тарихында алты ғасырлық уақытты қамтитын Жошы Ұлысы немесе Ұлы Ұлыс (Қыпшақ Ұлысы-К.С.) кезеңінің алатын орны ерекше.

Аталған уақыт пен кеңістік тоғысында қаншама саяси, халықаралық, тарихи, шаруашылық, мәдени оқиғалар орын алды. Бір халықтың екінші бір халыққа әсер ету, ықпалдасу үдерістері жүзеге асты. Соның бірі-халықтың тілі, діні, ділі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі.

Зерттеу барысында айқындалғаны Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Түркілік дәуіріндегі халықтың тілі, діні, ділі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі орта ғасыр, жаңа заман, қазіргі заманда да орын алған саяси-тарихи оқиғалар мен ішкі және сыртқы факторлардың күшті ықпалына қарамастан өзгеріске түспей сақталғандығы. Бұл-халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ішкі рухының, ұлттық тәрбиесінің мықтылығын көрсетеді.

Айтылған қорытындыларымызға орта ғасырларда Қазақ жеріне түрлі себептермен келген Морко Поло, Плано Карпини, Бенедикт Поляк, Гильом де Рубрук, Иосафат Барбаро сияқты шетелдік саяхатшылардың жазбалары дәлел бола алады. Әртүрлі кезеңдегі шетелдік саяхатшылардың жазбаларында көрініс тапқан тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр мәселесі бүгінгі күнгі қазақ халқының ішкі табиғатынан туындайтыны анық.

Кілт сөздер: Жошы Ұлысы, қазақ халқы, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, шетел саяхатшыларының еңбектері.

МРНТИ: 03.20

<https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>

<https://orcid.org/0009-0003-4634-591X>

¹Карибаев С.У.*, ²Байназарова Б.А.

¹к.ист.н., доцент, старший научный сотрудник научного центра «История и этнология»
ЮКУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

²к.ист.н., старший преподаватель ЦАИУ. Шымкент, Казахстан

**УЛУС ДЖУЧИ: ТРАДИЦИИ И БЫТ
(НА ОСНОВании ДАННЫХ ЕВРОПЕЙСКИХ ПУТЕШЕСТВЕННИКОВ)**

***Автор-корреспондент: ksarsebay@mail.ru**

Аннотация: В четырехтысячелетней истории казахского народа и трехтысячелетней государственности особое место занимает история Улуса Жучи, охватывающей более шести веков.

На этом стыке времени и пространства произошло множество политических, международных, исторических, экономических и культурных событий. Реализованы процессы влияния и интеграции одного народа с другим. Объектами этих изменений были прежде всего язык, религия, язык, образ жизни, обычаи и традиции народа.

В ходе исследования были изучены вышеуказанные определяющие факторы народов сакской, гуннской, уйсинской, канлинской, тюркской эпох, а так же политические и исторические события, происходившие в средние века, новое время и в современности, и несмотря на сильное влияние внутренних и внешних факторов, они остались неизменными. В этом проявляется сила внутреннего духа и национального воспитания народа, передающегося из поколения в поколение.

Наши выводы могут быть подтверждены сочинениями иностранных путешественников, таких как Марко Поло, Плано Карпини, Бенедикт Поляк, Гильом де Рубрук, Иосафат Барбаро, приехавших в Казахстан по разным причинам в средние века. Понятно, что образа жизни и традиций, отраженные в трудах иностранных путешественников разных периодов, заложена и остается неизменной во внутренней природе современного казахского народа.

Ключевые слова: Жоши Улысы, казахи, образ жизни, традиции, труды зарубежных путешественников.

IRSTI: 03.20

<https://orcid.org/0000-0002-4255-5800>

<https://orcid.org/0009-0003-4634-591X>

¹Karibaev S.U.*, ²Baynazarova B.A.

¹candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
Senior Researcher at the Scientific Center «History and Ethnology»
M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

²candidate of Historical sciences, senior lecturer. CAIU. Shymkent, Kazakhstan

**JOCHI ULUS: TRADITIONS AND LIFE
(BASED ON DATA FROM EUROPEAN TRAVELERS)**

***Correspondent-author: ksarsebay@mail.ru**

Abstract: In the four-thousand-year history of the Kazakh people and the three-thousand-year statehood, the history of the Ulus of Zhuchui, covering more than six centuries, occupies a special place.

Many political, international, historical, economic and cultural events have taken place at this junction of time and space. The processes of influence and integration of one nation with another have been implemented. The objects of these changes were primarily the language, religion, language, lifestyle, customs and traditions of the people.

In the course of the study, the above-mentioned determining factors of the peoples of the Saka, Hunnic, Uisin, Kanlin, Turkic eras were studied, as well as political and historical events that took place in the Middle

Ages, modern times and in modern times, and despite the strong influence of internal and external factors, they remained unchanged. This shows the strength of the inner spirit and national education of the people, passed down from generation to generation.

Our conclusions can be confirmed by the writings of foreign travelers such as Marco Polo, Plano Carpini, Benedict Polak, Guillaume de Rubruk, Josaphat Barbaro, who came to Kazakhstan for various reasons in the Middle Ages. It is clear that the way of life and traditions reflected in the works of foreign travelers of different periods are embedded and remain unchanged in the inner nature of the modern Kazakh people.

Keywords: Zhoshi Ulys, Kazakhs, lifestyle, traditions, works of foreign travelers.

Кіріспе

Халықтың тарихын, әлеуметтік-экономикалық формацияларын, басқару және өндіріс дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі түрлерін зерттей отырып, оның мәдени қазынасын, рухани мұрасын, этикасы мен эстетикасын, қалыптасқан дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын назардан тыс қалдыруға болмайды. Себебі, ғылыми-техникалық жаңалықтар мен өндірісті техникалық жабдықтау дәуіріне дейін өндіріс әдістері дамып, әр нақты жағдайда белгілі бір географиялық орта арқылы өмірге келтірілген және әр халықта осы әдістерге сәйкес келетін, олардың әдет-ғұрыптары, тұрмысы, өзіндік мәдениеті мен өнері, моральдық-этикалық нормалар болады.

Жошы Ұлысы халқының этникалық құрамы да әртүрлі болды, осыған байланысты қоғамның шаруашылық-мәдени түрлерінің қалануы да әр түрлі сипат алды. Мемлекеттің далалық бөлігі Дешті Қыпшақта: қыпшақтар, арғындар, қоңыраттар, керейлер, уақтар, қаңлылар, наймандар және т.б. сияқты түркітілдес тайпалар өмір сүрді.

Солтүстікте Жошы ұлысы құрамына Еділ бойындағы халықтардың тайпалары (мордвалықтар, чуваштар, мари, волга болгарлары) және сібірлік фин-угрлар кірді.

XIII ғасырдың алғашқы ширегінен бастап, Батыс Еуропа, Араб, Қытай елдерінен Еке Моғол Ұлысы, Жошы Ұлысы хандарының Ордасына миссиялар жіберіледі. Елшілер ресми түрде дипломатиялық және діни қызметтермен келгенімен, шын мәнінде барлау жұмыстарын атқару керек болатын. Олар тиісті қызмет, міндеттерін атқара жүріп, жергілікті халықтар туралы мәліметтер жинап, кітап етіп шығарып, әлемге жария етті.

Зерттеу жұмысының дереккөздері:

Плано Карпинидің «Моңғолдар тарихы», Бенедикт Поляктың «Тартар тарихы», Гильом де Рубруктың «Шығыс елдеріне саяхат», Морко Полоның «Әлемнің алуан түрлілігі туралы кітабы», Карпини, Бенедикт, Рубрук деректерін нақтылай және тереңдетіп, кеңейтіп, толықтырған Иосафат Барбароның «Танаға саяхат» еңбегін баса атап өткен жөн.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмысының мақсаты - Қазақ халқының қайнар көзі - Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Түркілік дәуіріндегі халықтың тілі, діні, ділі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі әр кезеңдегі зерттеушілердің еңбегі негізінде орта ғасыр, жаңа заман, қазіргі заманда да орын алған саяси-тарихи оқиғалар мен сыртқы факторлардың күшті ықпалына қарамастан өзгеріске түспей сақталғандығын, сонымен қатар, халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ішкі рухының, ұлттық тәрбиесінің мықтылығын көрсету.

Осы мақсаттарды орындау үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- Деректер негізінде Жошы Ұлысы халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін айқындау;
- Еуропалық саяхатшылар деректерін бір-бірімен салыстыра аталған кезеңнің шынайы бейнесін анықтау;
- Жошы Ұлысы халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрінің қазіргі қазақ халқының өміріндегі көрінісін бағамдау.

Зерттеу әдістері

Тақырыптың мәнін ашу үшін шетелдік саяхатшылар дерегі негізінде адамзат ойлауының жаратылысына тән қасиеттерге ие деп танылатын және түсінік пен мәдени тәжірибе, ғылыми зерттеулер мен білім беру технологиялары, әлеуметтік өзара байланыстарды ұйымдастырудың

нысаны ретінде қарастырылатын нарративті немесе сипаттамалық-баяндамалық, нысан мен құбылыстың үйлесімділігін айқындайтын ұқсастық заңдылықтары саналатын салыстырмалы, бір-біріне ұқсас құбылыстар мен процестер тобын айқындап, нақты тарихи шындықтың логикалық моделі ретінде қорытындылар жасайтын тарихи-типологиялық, жүйелі әдістер мен тарихи ұстанымдар басшылыққа алынды.

Теориялық талдау

XIII ғасырдың қыркыншы жылдарында Батыс Еуропадан Орталық Азияға моңғол (моғол-К.С.) хандарының ордасына миссиялар жіберіледі. Оның мақсаты - Исламға қарсы күресте Ұлы ханмен одақ болу мүмкіндігін, Кіші Азия аумағында ұзаққа созылған соғыста крестшілердің моңғолдармен бірігу мүмкіндігін анықтау болды. Елшілер ресми түрде дипломатиялық және діни қызметтермен келгенімен, шын мәнінде барлау жұмыстарын атқару керек болды. Азия халықтарымен байланыс орнатуда Рим Папасы Иннокентий IV және француз королі Людовик Қасиетті IX мақсат, мүддесіне сәйкес белсенділік танытты.

1246 жылы Рим Папасы Иннокентий IV католик монахы Плато Карпиниді миссионер ретінде Ұлы Далаға жіберді. Плато Карпини Алтын Ордаға да, Ұлы ханның ставкасына да болып, алдына қойған мақсатына сәйкес Алтын Орда халқының тарихы, соғыс өнері, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, шарушылығына назар аударып, өз ой-тұжырымы негізінде «Моңғолдар тарихы» еңбегін жазады.

Плато Карпинидің Еуропадан Ұлы Моңғол ханының сарайына жасаған саяхатынан оралғаннан соң, 1253 жылы француз королі Людовик IX Еуропадан Орталық Азияға монахтардан құралған тағы бір миссия аттандырады. Миссияның басшысы болып алтыншы крест жорығына қатысушы, жігерлі, білімі мол Гильом де Рубрукты тағайындайды.

Миссия нәтижесінде Гильом деРубрук«Шығыс елдеріне саяхат», атты еңбек жазып, өз заманындағы елдер, олардың өзара байланысы туралы көп мәліметтер береді XIII ғасырдағы моңғолдар өмірі жайында көптеген құндылықтарды және маңызды нәрселерді ашып көрсетуге қадам жасаған.

Венециялық саяхатшы Марко Поло 1271-1295 жылдарыҚытайда бірнеше жылдар бойы тоқтап, сауда-саттықпен айналысты, Ұлы хан Құбылайдың қызметіне болып, Янчжоу қаласының губернаторы қызметін атқарды. Қытайда болған кезде саяхатшы «Әлемнің алуан түрлілігі туралы кітабын» жазады.«Кітабының» негізгі бөлімі моңғолдардың, сондай-ақ Орта Азияның өзге халықтарының тарихына көпшіліктің орасан зор қызығушылығын тудырды. Бұл олардың тұрмыс экономикасын, әскери өнерін, діни көзқарастарын сипаттау үшін өте маңызды материал болып табылады. М.Полоның келтірген көптеген мәліметтерін сол кездегі қытай мен парсы қайнар көздері растайды.

Бенедикт Поляк 1245 жылы Польшаның Вроцлав қаласында монах Джованни дель Плато Карпини басқарған Рим Папасы Иннокентий IV елшілігіне аудармашы ретінде қосылады. Ол Плато Карпини миссиясымен бірге Ұлы хан Гуюк (1246-1248) билігі кезінде Қарақорымға әйгілі саяхатын жасайды. Нәтижесінде «Татар тарихы» еңбегі жарық көреді. Кітапта қазіргі заманғы қазақтардың арғы ата-бабаларының - орталық Азияның көшпенді халықтарының сара сүрлеулі салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын айғақтайтын көптеген тарихи құнды жазба қалдырған.

Қайтып оралған елшілік Еуропада үлкен қызығушылық тудырды. Моңғолдардың Еуропаға төндірген қауіпінен жаңа шапқыншылықты күту қорқынышықалыптасты. Сондықтан Папа миссиясының жазбалары Плато Карпини қай жерде жүрсе де сұранысқа ие болды. Жазбалардан тізімдер алынып тасталды немесе жай ғана қысқаша жазбалар жазылды. Плато Карпини, бұл туралы біле отырып, өз кітабында осы сәтті арнайы былай деп жазады:«Жоғарыда айтылғандарды оқитындардың барлығынан ештеңені өзгертпеуін және қоспауын сұраймыз, өйткені біз шындықтың алдында Құдайдың куәгеріне ештеңе қоспай, сенімге лайық деп саналған басқалардан көргеніміздің немесе естігеніміздің бәрін жаздық»[1],-деп жазбаға ешқандай түзету немесе өзгерту қажет еместігіне назар аударады.

Тәжірибелік бөлім

Иран тарихшысы әрі мемлекет қайраткері Хулагу әулетіне жататын Абаға хан тұсында (1265 - 1282) қызметке араласқан, энциклопедист-ғалым Рәшид-әд-Дин (*Фазлаллах ибн Абуль-Хайр Хамадани-толық аты-жөні-К.С.*) өзінің 3 томнан тұратын тарихи деректер негізінде жазылған «Жамиғ ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы» еңбегінде: «Бұл тайпалардың бәрінің де айқын әрі нақты ата-тек шежіресі бар. Өйткені моғұлдар өздерінің дәстүр-салты бойынша, шығу тегін ұмытпай сақтайды һәм жаңа туған әрбір балаға осы шежірені ұғындырып, үйретеді. Сөйтіп, өткені туралы сөзді халқының өзіндік санасы ретінде қалыптайды және өз тайпасының түп негізін білмейтін кісі болмайды. Ата-тегің есте тұтатын арабтарды айтпасақ, әлемде моғұлдан басқа ешбір жұртта мұндай дәстүр жоқ. Өйткені, ежелден бергі дәстүр бойынша, моғұлдар өздерінің ата-бабалары мен шығу тегін жадында сақтайды және жас өркенді тәрбиелейтін діні де, пірәдар қауымы да болмаған себепті, ата-анасы жаңа туған әрбір балаға өздерінің шыққан тайпасын һәм ата-тек шежіресін ұғындырады және бұл - күні бүгінге дейін сақталып отырған рәсім. Сол себепті, кімнің қайдан шыққанын, арғы аталар мен кейінгі ұрпақтар жөнін нақты танып, ажырата аламыз», - дейді [2].

Рәшид-әд-Дин айғақтап отырған дәстүрлі ата-тек шежіресі Шыңғыс хан ұйыстырған моғұл жұртының тікелей мұрагері қазақта барлық заманда берік сақталған, бүгінгі күнге дейін жеткен. «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер жеті рулы елдің қамын жер, жалғыз өзін білген ұл, құлағы мен жағын жер» деген аталы сөздер соның айғағы. Ал жеті атада үлкен сыр бар. Әр ұрпақ 25 жастан десек, ол 175 жыл. Бұл болса, бір адамның жеке басының тағдыры арқылы оның құл емес екенін, ата тегін, өз ортасының белді мүшесі екенін, он алты жаста ордаға енер, жау ортасын бұзып- жарып кірер азамат екендігін байқататын фактор. Сондықтан да қазақ халқының шежірешіл екендігі жасырын емес. Әрине, патшалы, кеңестік отаршылдық кезеңдегі неше түрлі құйтырқы саясаттың кесірінен жеті аталық шежіре таратуды жадымыздан шығарып алдық. Өкінішке орай, арамызда жеті аталық шежіресін толық білмейтіндер бар.

Гильом Рубруктың «Шығыс елдеріне саяхат» еңбегінде «Мен олардың (түрік, татар, моғол, қыпшақ-К.С.) ортасына түскен кезде мүлде басқа әлемге тап болғандай күйде болдым. Шамам келгенше, сіздерге олардың өмірі мен дәстүрін айтып берейін», - дей келе, татарлар (түркілер-К.С.) және олардың үй-жайы туралы «Олар Дунайдан күн шығысқа дейін созылып жатқан Скифияны (Cithiam) өзара бөлісіп алған; әр басшы өзінің билік астындағы адамдар санының көптігіне немесе аздығына қарап, өз жайылымының шекарасын біледі, сол далада жылдың төрт мезгілінде де малын бағып-қағуы керек. Қыста олар оңтүстіктегі жылы жерге көшіп кетеді, жазда салқын солтүстікке көтеріледі. Жайылымға ыңғайлы, бірақ суы жоқ жерлерде олар малды қыста да бағады, ол жерде қар болады, себебі қарды судың орнына қолданады» [3,389]. Географиялық-климаттық орналасуымыз қазақтың көшпелі малшаруашылығының төрт мезгілге сәйкес қыстау, көктеу, жайлау, күздеуге тұрақтанғаны, жартылай мал шаруашылығының қыстау және жайлау сияқты екі бағытта дамығандығы XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұжымдастырудың нәтижесінде дағдарысқа ұшырады. Сонда да болса, бүгінгі күні де малмен бірге көшіп, мал өнімдерін ел игілігіне жаратып жатқан аймақтар бар. Бұл - тарихы терең дәстүрлі малшаруашылығының өміршендігін көрсетеді.

Көшпелілердің баспанасын қалай жасайтындығы туралы Гильом Рубрук «Өздері жататын үйін олар былай жасайды: тал шыбықпен тоқылған дөңгелек кереге қояды; бөрененің орнына тал шыбықтарды (уық - К.С.) қолданады, оны төбесіндегі кіші дөңгелек ағашқа (шаңырақ - К.С.) шанышады, осылайша үйдің ағаш бөлігі орнатылғасын оларды ақ киізбен жабады, жарқылдап тұру үшін киізге әк, ақ топырақ және сүйектің ұнтағын жағады; кейде олар қара киізді де пайдаланады. Бұл киіздің жоғарғы бойын (үздік-К.С.) әдемі және әртүрлі өрнек-оюлармен безендіреді. Кірер есікке олар тағы да әртүрлі шұбар ала маталармен оюланған киіз іліп қояды (киіз есік-К.С.). Олар түрлі-түсті киіз жасап, оған ою-өрнек, ағаштың жапырағы, аң құстардың суретін салады. Олар мұндай үйлерді көлемді етіп жасайды, қайсыбірінің ені отыз футқа жетеді» [3,389], деген тұжырымын Плано Карпини: «Олардың үйлері дөңгелек, ол

шыбықтан иіліп шатырға ұқсастырылып жасалған. Үйінің төбесінде дөңгелек шаңырақ тұр, ол арқылы жарық түсіп тұрады, түтін де осы жерден шығады, себебі олар әрқашан от жағады. Керегелері мен уықтары киізбен қоршалған, есіктері де киізден жасалған. Адамдардың ауқатына қарай үйлері үлкенді-кішілі болып келеді. Кейбіреуі тез жиналып, құрастырылады да тең болып буылып, жүк көтеретін жануарларға артылып көшіріледі, ал кейбірі жиналмайды, бірақ оларды арбалармен алып жүреді» [3,441], деп толықтырады.

Қазан төңкерісіне дейін қазақтардың көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан көшпелі өмірге ыңғайлы киіз үйді пайдаланған. Қазақстанның оңтүстігі мен орталық аймағында дөңгелек күмбезді қыпшақ үлгісіндегі киіз үйлер басым болса, Жетісу аймағында құрылысы конус тәрізді, күмбезді келген қалмақ үлгісіндегі киіз үйлер сақталған.

ХҮІІІ ғасырдан бастап ХІХ ғасырдың бірінші жартысына дейін 12, 15 және 18 қанатты киіз үйлер болған. Академик Әлкей Марғұланның «Казахская юрта и ее урбанство» деген еңбегінде «30 қанатты хан ордалары болған» деген дерек келтірілген [4].

Қазақ тұрмысында қазақ феодалдарының, сұлтандарының халық шеберлеріне арнайы жасататын киіз үйі-**Ақ орда**, жас жұбайларға арналған үйдің екі түрі-**отау үй және күйме**, арнайы әскери жорыққа арналған- **жорық киіз үйлері**, жорық киіз үйінің жолым үй, **жабасалма** түрі болған. Қазіргі ХХІ ғасырда да киіз үйге деген сұраныс артып келеді.

Қазақ территориясынан өткен әр бір саяхатшылар, елшілер, саудагерлер көшпелі халықтың шаруашылығы, тұрмысы туралы құнды мәліметтер береді. Айталық, Марко Поло: «Малы көп, бай кісілер айғыр, бие, түйелеріне, өгіз, сиыр, барлық ірі қарасына өзінің ентаңбасын салып қояды. Өстіп белгіленген малды ешбір күзетшісіз-ақ далаға, тауға жайылымға жібереді. Егер басқа біреудің малымен араласып кетсе, бәсіре белгісі бойынша иесіне қайтарады. Тек қой-ешкіні ғана қолдан бағады», - десе, Карпини: «Төрт түлік мал түгел болған. Төрт түлік қана. Шошқа және басқа да жандықтар мүлде ұшыраспайды», ал Барбаро: «Жылқыдан соңғы көп және шаруашылыққа айрықша тиімді түлік – мүйізді қара, нақтылап айтсақ, өгіздер. Яғни, сиыр малын негізінен сүт үшін емес, жегін ретінде өсірген. Бұл жұрт өсіретін төртінші түлік – сирағы биік, жүні ұзын, үлкен, дөңгелек құйрықты қойлар» [3,43], - деп жазып, осы төрт түліктің ішіндегі ең қажеттісі және ең құрметті асылы - жылқы деп көрсетеді. Әрине, жылқы көшпелі түріктердің мінсе көлік, жесе тамақ, ішсе сусыны ғана емес, сенімді серігі бола білді. Сондықтан да қазақ халқы жылқыны жеті қазынаға жатқызуы да тегіннен тегін емес. Қазіргі еліміздің аумағының көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орынды алуымыз да *(қазіргідей соғыс техникасы жоқ кезеңде-К.С.)* жылқының алған орны ерекше.

Жылқы, өгіз, қой малдарының өнімдері де, Гильом Рубруктың назарынан тыс қалмаған. Ол «Жылқының ішегінен олар (түрік, татар, моғол, қазақ-К.С.) қазы жасайды, ол шошқа шұжығына қарағанда әлдеқайда дәмді де сүйкімді. Қалған еттерін қысқа сақтайды.

Өгіздің терісінен үлкен мес жасайды, оны ыстап кептіреді. Олар жылқы терісінің жон терісінен әдемі кебіс жасап шығарады.

Қой етінен қонақтарға табақ тартқаннан бұрын әуелі отағасының өзі еттің ұнаған мүшесін алады, ал егер ол біреуге сыйлы мүшені берсе, онда оны алған адам етті ешкімге бермей, өзі ғана жеуі керек; егер ол таусып жей алмаса, онда оны өзімен бірге ала кетуге немесе өзінің қызметшілеріне беруіне болады...» [3,391]. Бүгінгі күні де қазақ халқының өмірінде жылқы еті, қазысы басты орында. Күзден бастап соғым сою, сақтау, мүшелерін кісінің қадір-қасиетіне, жолына қарай ұсыну дәстүрі кең сақталған.

Нәтижелер мен талқылау

Гильом Рубрук қымыз дайындау тәсілі туралы былай деп жазады: «Жерге қағылған екі қазық арасына ұзын жіпті керіп тартады да, соған сауылмақ биелердің құлындарын байлайды *(яғни, кейінгі қазақта сақталған желі-К.С.)*. Құлындары қасында тұрған соң, биелер де тыныш сауғызады. Егер әлдебірі тыныш тұрмаса, құлынын әкеліп, азғана емізеді, содан соң сауын ары қарай жалғасады. Әдетте биені ер кісілер сауады.

Жаңа сауылған бие сүті *(яғни саумал-К.С.)* өте тәтті болады, соны үлкен торсыққа, немесе

күбіге көптеп жинайды да, сұғылған арнайы таяқпен ұрғылай бастайды, бұл таяқтың түп жағы кісі басындай және әр жерінен тесіліп қойған.

Осылайша ұрғылай (*яғни піспектей-К.С.*) бастағанда сүт араласып, көбіктеніп, шайқалып аши бастайды, сөйтіп бетіне май шыққанша піседі; содан соң дәмін татып, қажетінше ашығанын көріп барып, іше бастайды.

Сырттан келген мейманға, жолаушыға, тіпті, құрметті елшілердің өзіне ең алдымен қымыз құйылады. Келген кісіге әуелде қымыз ұсынады. Хан ордасының өзіндегі қалыпты әдет екен» [3,391]. Бұдан, есте жоқ ескі заманда қалыптасқан бие сауу, қымыз ашыту тәсілі соңғы мың жылда ешқандай өзгеріске түспегенін көреміз әрі қазақ халқының дәстүріндегі элементтер сол күйінде сақталған.

Көшпелілердің сиыр сүтінен май алу, сүзбе, малта, құрт жасау технологиясы да назардан тыс қалмаған. Айталық, Гильом Рубрук: «Сиыр сүтінен олар, ең алдымен, май алады және оны жақсылап пісіп, сосын қайнатады, содан кейін оны қойдың тұлыбына салып сақтайды. Олар майға тұз салмаса да, ол қатты қайнаудың салдарынан болар бәрі-бір іріп-шіріп кетпейді. Осылай оны қысқа сақтайды. Майын алған іркітті ашытып, қатты қайнатады; қайнаған сүт ұйып сүзбе (құрт-К.С.) шығарып, оны күнге кептіреді, ол қап-қатты болады; мұны олар қапқа салып, қысқа сақтайды» [3,392]. Бұл қойылған сүт - «құрт» (*Рубрук латынша «гриут» деп жазады. Ал, бүгінгі халхада да өзіндік құрт бар, бірақ оның жалпыға мәлім атауы - «ааруул»-К.С.*) деп аталады. Аталған технологиялар қазақ өмірінде бүгінге дейін сақталынып, қолданыста екендігі баршаға мәлім.

Плано Карпини татарлардың жалпы сабырлылығын мақтайды. Оның айтуынша, олар бір-бірімен анда-санда ұрысады немесе мүлдем ұрыспайды, ал төбелесу, жауласу, ұрысу, соғысу және адам өлтіру мүлдем болмайды. Басқа жерде олардың арасында мұндай істер жоқ деп санайды.

Татарлардың даулары тез және былайша шешіледі. Екі адам ұрысқанда бір-біріне ешбір балағат сөз айтпайды, (біздегі қолданатын) ұрсысып қалған жақтар, немесе осы іске қатысы барлардың барлығы орындарынан тұрып, басы ауған жаққа аттанады және бірінші кездескен адамға, ол кім болса да былай дейді: «Ұлы мәртебелі! Біз ұрсысып қалдық, дауымызды шешіп бер!». Сол адам тоқтап, екі жақты да тыңдайды, сосын өз ойы бойынша, еш қағазсыз, шешімін айтады. Бұл шешімге енді ешбір сылтау, бұлтақ жүрмейді. Егер бөтен біреу болса, онда шешім айтушы: «Қуә болыңыз!» - дейді. Мұндай істі қараушылық әскерде де болып тұрады. Тіпті жорық кезінде, татарлар арасында пайда болатын дау-дамайларды бірінші кездескен адам шешеді [3,454]. Қазақ қоғамында осындай мәселе туындаса, «арбаны сындырмай, өгізді өлтірмей» шешімін билер шешіп отырғанын тарихтан білеміз.

Малшарушылығымен айналысатын халықтың бүкіл өмірі табиғатқа тәуелді болуы, олардың «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығару немесе «бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» ұстанымын ұстануына алып келді. Оны Бенедикт Поляктың жазуынан байқауға болады: «Бұлар өзара тату тұрады. Біріне бірі мейірлі, барын қызғанбай бөліседі, бұл - жалпы жұртқа ортақ мінез. Өзара жанжал, тәртіпсіздік жағдай сирек, өйткені бұзықтық аяусыз жазаланады.

Төзімді, сабырлы, ашқұрсақ ахуалдың өзінде тамағы тоқ адамдай, әндегіп, әзілдеп жүре береді, дейді. Сонымен қатар, той тойлап, ішіп-жеу үлкен қуаныш деген.

Ұрлық болмайды. Үйлерін бекітпейді, дүние-мүлік ашық жатады. Адасқан мал ұшырасса, ешкім иеленбейді, қоя береді, немесе нағыз иесіне апарып береді... Мүкәмал-мүліктері жиналған киіз үйлер мен арбалы күймелердің есігі бекітілмейді, құлып салынбайды. Бұл халық өте төзімді. Бір күн, екі күн ұзағымен ашығып, нәр сызбаса да, кіржиіп, сабырдан айрылмайды, тоқ кісідей, өлең айтып, ойнап-күліп жүре береді. Ат үстінде қақаған аязға да, аптап ыстыққа да төзе біледі, шыныққан, тағаты берік жұрт» [3,455]. Осы айтылған пікірлер қазақ қоғамына тән құбылысты көрсетеді.

Авторлар әйел және отбасы туралы да мол мәліметтер береді. Ибн Баттута: «Бұл өлкеде мен көрген бір керемет - әйелдер айрықша құрметте екен. Тіпті, еркектерінен артық сыйлы. Ал хан мен әмір, ұлықтардың қатындары туралы айтып болмайды» деп көшпелілер қоғамындағы

әйел-ананың ролін жоғары бағалса, Марко Поло: «Көп әйелдің ішінде алғашқы әйел ең үлкені және ең сүйіктісі саналады», Карпини: «Егер татардың көп әйелі болса, оның әрқайсысының өз отауы, өз ошағы болады. Ері кезекпенен, әр күні әр әйелдің үйінен тамақтанады және қонып жатады. Әйтсе де, көп әйелдің ішінде біреуі үлкен (бәйбіше) саналады, соған орай құрметі де артық, қасында көбірек болып, шаңырағында көбірек түнейді» [3,456], - деп, бәйбішенің ролінің жоғары екендігін жазады.

Сонымен қатар, Рикольдо де Монте-Кроче: «Күйеуі өлген жағдайда әйел өзінің төркін жұртына қайтып бара алмайды, оған марқұмның жақын туыстарының бірі үйленеді», ал Карпини: «Ағасы өлсе, інісі, інісі болмаса, басқа бір жақын, қандас туысы, өзінің әйелі бар, жоғына қарамастан, жесіріне үйленуге міндетті болған» десе, Бенедикт Полон: «Ағасы өлсе, жесірін інісі, немесе басқа бір жақыны алады» [3,456], - деп қазақ қоғамына тән әменгерлік туралы жазады.

Жеңгесін алған әменгерлік туралы дерек Рәшид-әд-Дин шежіресінде де бар. Көшпенді, жаугер тіршілік орайынан туындаған қажеттілік. Бала қамқорсыз, жетім қалмайды, мал-мүлік иесіз шығынға ұшырамайды. Қазақта күні кешеге дейін сақталып келген дәстүр.

Бала тәрбиесі туралы Винцент де Бове: «Балалары кішкентай кезінен атқа мініп үйренеді, жылқының, басқа да малдардың айдау, бағымында жүреді, ересек тартқанда әкелерімен бірге соғысқа кіріп, көмекші, қару көтеруші қызметін атқарады», -деп көшпелілердің бала тәрбиесіне жастайынан мән беріп, еңбекке баулу, азамат болып толысып, ел қоғауға дайыдайтынын жазса, Рәшид-әд-Дин. «Моғұл-түріктердің рәсім-салты бойынша, әкесі көзі тірісінде үлкен ұлдарын үй-жай, мал-мүлік енші беріп, бөліп шығарады. Қалғанының бәрі кенже ұлға тиесілі» [3,458], -деп шаңырақтағы кенже ұлдың ролінің зор екендігіне назар аударады. Қазақта кенже ұл-қарашаңырақтың иесі. Ата мен әке шаңырағының мұрагері болғандықтан кенже ұлдың жасы кіші болса да, жолы үлкен болады. Сол шаңырақтан енші алып, отау тігіп бөлек шыққан ұл-қыздары сәлем беріп, төркіндеп, амал айында көрісіп, ата-аналарының шаңырағына келетін болған. Ата-аналары қайтыс болғаннан кейін де, кенже ұлды Атамның шаңырағы деп қадір тұтып, киелі деп санаған.

Авторлар көшпелілердің адам жанының мәңгілігі, жақсы болса ұрпағы жақсы, жаман болса ұрпағы азып-тозатындығы мәселесіне талдау жасайды. Мысалы, Марко Поло: «Адам жанын олар мәңгі өлмейді деп санайды, яғни адам өлісімен ол басқа денеге өтіп кетеді; адамның жақсы не жаман өмір сүргеніне байланысты адам жаны жақсыдан одан да жақсыға немесе жаман адамнан одан да нашарына барып қонады. Егер ол адам кедей және тірісінде жақсы және қарапайым өмір сүрсе, онда ол өлгеннен кейін ақсүйек әйелден туылады да өзі ақсүйек болады; содан соң ол патшадан туып, патша болады; осылай жоғары-жоғары көтеріле келе, оның қолы көкке жетеді-мыс. Ал ақсүйектің ұлы болып, өзінің жаман жақтарын көрсетіп өмір сүрсе, қайта туылғанда шаруаның баласы, содан соң келесі өмірінде ит болып туылады және осылай бірте-бірте құлдырай береді. Олар әдемі тілде сөйлейді, бір-бірімен сыпайы, көңілді, қуанышты түрмен амандасады. Өздерін жақсы ұстай біледі және өте тазалықпен тамақтанады. Әкесі мен шешесіне үлкен құрмет көрсетеді; егер ұлы ата-анасын ренжітсе немесе қажет кезде көмек бермесе, мұндай ата-анаға қатысты кінәлі іс жасағандарға қандай жаза қолдануға болады... [3,442]. Қазақ дәстүрінде текті сақтау, тексіздікке жол бермеу туралы ұстанымдар бар. Егер жігіт текті тұқымның тұяғы болып, оның болашақ жары да аталы жерден болса, онда мұны «інжуге орнатылған лағыл» деп бағамдаған. Ал, ат байлайтын жері көңілдегідей болмаса, келіннің құрсағында өсетін ұрпақты «құмға сіңген су», «сорға сепкен дән» деп түсіну тек қазаққа ғана тән түсінік. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі «көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», «қатын алма қайын ал», «алып анадан туады», «нағашысы жаманның жиені оңбас», «анасын көріп, қызын ал», «анасын сүйгеннің баласын сүй», «шешеге қарап қыз өсер», «ана көрген тон пішер», т.б. деп келетін тұрақты тіркестерде терең мағына жатыр.

Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан некелік-отбасылық қатынастың негізгі өзегі бозбала мен бойжеткеннің арасындағы тамыры жоқ арзан сезім емес, жарық дүниеге, ақыл-

ойы зерек, дені сау, аяқ-қолы балғадай текті ұрпақ әкелу философиясымен байланысып жатыр. Өйткені қай кезде-де ұрпақтың денсаулығы мен зердесі мемлекеттің ең үлкен қазынасы екені сөзсіз.

Қорытынды

Жошы Ұлысы - Қыпшақ даласында құрылған мемлекет. Жошы әскері 1219 жылы Хорезм шахтыңқол астындағы Жетісудың барлық қалаларын, Шу, Талас және Сырдария бойын, Орта Азияның ірі саяси және мәдени орталықтарын, 1220-1221 жылдары Жошы Сырдария бойындағы Отырар, Сығанақ, Үзкент, Баршынкент, Асанас, Жаңакент қалаларын, 1222жылы Хорезмді, Түркістанды алады.

1223 жылы көктемде ЖошыШыңғысханның шақыруымен Сайрам мен Талас аралығындағы Құланбасы жазығында өткен құрылтайға қатысады.

Шыңғыс ханның мемлекет құрамына алған жерлерін бөлген кезде Жошыға Ертістен бастап, Орал тауының аралығындағы, одан әрі батысқа қарай жерлер тиді[5]. Осылай, 1224 жылы «Жошы Ұлысы немесе Ұлық Ұлыс» (Қыпшақ Ұлысы деп те аталады-К.С.) құрылды.

Өз кезегінде Жошының ұлы Бату хан Ұлыстың жерін кеңейтіп, Еділ маңы, Орыс, Қара теңізі аймағы мен Кавказды мемлекет құрамына кіргізеді. Осылайша Орта ғасырлық Еуропадағы ең үлкен мемлекеттің негізін қалады.

Қазақ хандығының барлық хандары Жошы тұқымынан тарайды, сондықтан оның Ұлысын қазақ мемлекеттігінің іргетасы, мұрагері болды деп санауға толықтай негіз бар.

Осы кезеңде Рим Папасының басшылығымен Батыс Еуропа елдері әскерлерініңхристиандық дінді тарату үшін мұсылмандық шығысқа қарсы Крест жорығы жүріп жатқан болатын. Жалпы, 1096-1270 жылдары сегіз крест жорығы ұйымдастырылды.Оның басты мақсаты - Исламға қарсы күресте Ұлы ханмен одақ болу мүмкіндігін, Кіші Азия аумағында ұзаққа созылған соғыста крестшілердің монғолдармен бірігу мүмкіндігін анықтау болатын.Азия халықтарымен байланыс орнатуда Рим Папасы Иннокентий IV және француз королі Людовик Қасиетті IX белсенділік танытты.

Еке Моғұл ұлысы, Жошы Ұлысы, Алтын Орда, Құбылай басқарған Юань мемлекетіне1245 жылдарыБенедикт Поляк, 1246 жылы Плано Карпини, 1253 жылы Гильом де Рубрук, 1271-1295 жылдарывенечиялық саяхатшы Марко Полоқазіргі заманғы қазақтардың арғы ата-бабаларының - Орталық Азияның көшпелі халықтарының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын айғақтайтын көптеген тарихи құнды жазбалар қалдырды. Бұл жазбалар Ұлы Даланың сол кезеңінің тыныс-тіршілігін зерделеуде өте маңызды.

Аталған саяхатшылардың еңбектеріне назар аударып, жан-жақты талдау жасау барысында ХІІІ ғасырдың басындағы Жошы Ұлысының басым бөлігін қамтыған, қазіргі Қазақстан аумағындағы халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүр, әдет-ғұрпында ешқандай өзгеріссіз ХХІ ғасырда, яғни бүгінгі күнге дейін (ҮІІІ ғасыр, 800 жыл-К.С.) жалғасып келе жатқанын байқаймыз.

Осы уақыт пен кеңістік аралығында бір мемлекетке топтасу (Жошы Ұлысы-К.С.), енші алу, жеке мемлекет (Қазақ хандығы-К.С.), патшалы Ресейге, одан кейін кеңестік билікке отар (мемлекеттіктен айырылу-К.С.), Тәуелсіз Ел болу кезеңдерін бастан кештік.

Осыншама ғасырлар өтсе де, қаншама теперішті көрсекте, қалай тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүрімізді сақтап қалдық? Оның сыры неде?.Оның сыры, академик В.Радловтың «Ел қазынасы - ескі сөз» [6] кітабындағы: «Қазақтар - әдет-ғұрып, салт-сана, тіл жағынан біртұтас ұлт. Қарағай, бұталары аралас келіп отыратын бұйра қыраттар арқылы керіліп жатқан ұлан-ғайыр кең дала алып келбетін ешқандай өзгеріссіз қалай сақтаса, оның тұрғындары да тіл мен салт-сана жағынан сондай бір тектес. Тіпті, шет жайлап, ең шалғай шығып кеткен тайпаластар да өзінің ерекше халықтық сипатын берік ұстанады...», - деген тарихи бағасымен тұжырымдадық. Демек, қазақ халқы тіл, қазақи тұрмыс-тіршілік пен салт - дәстүріне адал бола білген деген сөз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Повесть монаха Бенедикта. https://hystory.mediasole.ru/povest_monaha_benedikta
2. Рашид ад-дин «Жамиғ ат-тауарих» 1-том. Фолиант, Астана. 2018 жыл. 86 бет.
3. Тарих-адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. Астана. Фолиант, 2005.Т.3. Ортағасырлық тарихи ой. 2005. 512 бет.
4. Қазақтың киіз үйі туралы қызықты деректер. <https://sputnik.kz/spravka/>
5. Аманжолов К.Р. Қазақстан тарихының дәрістер курсы. 1-кітап. Алматы, 2004. 154 б.
6. Радлов В.В. «Ел қазынасы ескі сөз», Алматы «Ғылым» 1994 жыл

Referens liste:

- 1.Povest' monakha Benedikta. https://hystory.mediasole.ru/povest_monaha_benedikta
2. Rashid ad-din «Zhamig at-tauarikh» 1-tom. Foliant, Astana. 2018 zhyl. 86 bet.
3. Tarih-adamzat aqıl-oyının qazınası: Ol - tomdıq. Astana. Foliant, 2005. T.3. Ortagasırlıq tarihi o. 2005. 512 stavka.
4. Qazaqtıñ kiiz uyi turalı sozder qızıq derekter. <https://sputnik.kz/spravka/>
5. Amanjолоv Q.R. Qazaqstan tarihının kurstarı. 1-kitap. Almatı, 2004. 154 b.
6. Radlov V.V. «El qazınası eski soz», Almatı «Gılım» 1994 zhıl

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Карибаев Сәрсейбай Өскенұлы** - тарих ғылымдарының кандидаты, «Тарих және этнология» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті; тел.: 8-701-364-52-58, ksarsebay@mail.ru